

2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке азаматтардың кезекті шақырылуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 06 сәуірдегі N 109 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 04 мамырда N 5-16-128 тіркелді. Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы N 391 қаулысымен

Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімдігінің 27.12.2012 N 391 қаулысымен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінде түпнұсқаның пунктуация мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 27, 28, 31 баптарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 01 наурыздағы № 274 «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 01 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы» қаулысына сәйкес, Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының

Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасы Республикалық ұланына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне мерзімді әскери қызметке шақыру өткізілсін.

2. Аудандық шақыру комиссиясының құрамы № 1 қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі № 2 қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

4. Аумақтық бірлік әкімдері әскерге шақырылушыларды ауданның қорғаныс істері жөніндегі бөліміне шақырылғандығы туралы хабарландырсын және дер кезінде к е л у і н ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

5. «Тарбағатай ауданы бойынша № 1 медицина бірлестігі» ҚМҚК директоры (Д . И т б а е в қ а) ұ с ы н ы л с ы н :

1) медициналық куәландыруды өткізу үшін қажетті мөлшерде дәрігерлер мен орта б у ы н медициналық қызметкерлерін б ө л у ;

2) қосымша тексерілу үшін жатып емделетін, емдеу-сауықтыру мекемелерінде б о с о р ы н д а р ұ с т а у ;

3) мерзімді әскери қызметке шақыру өткеннен кейін, емдеуді қажет ететін әскерге шақырылушылардың тізімін және қай емдеу мекемелеріне тіркелгені т у р а л ы м ә л і м е т т е р д і б е р у .

6. Тарбағатай ауданының ішкі істер бөлімі бастығының міндетін атқарушы (Д . Ж а н а р б е к о в к е) ұ с ы н ы л с ы н :

1) шақыру медициналық комиссиясының жұмысы кезінде тәртіпті сақтау ү ш і н п о л и ц и я н а р ы д ы н б ө л у ;

2) бұрын сотталған немесе жазасын өтеп жүрген, қоғамға жат әрекеттері мен қылмыстары үшін тергеуде жүрген, тіркелуге тиісті азаматтар туралы қорғаныс істері ж ө н і н д е г і б ө л і м г е х а б а р л а у .

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Ә з і м х а н о в қ а жү к т е л с і н .

8. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн ө т к е н с о ң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Тарбағатай ауданының әкімі

Е. Текешов

Келісілді:

Тарбағатай ауданының қорғаныс

істері жөніндегі бөлімінің бастығы А. Қарабиев

05 сәуір 2012 жыл

7	Екпін ауылдық округі													
8	Кіндікті ауылдық округі													
9	Сатпаев ауылдық округі													
10	Ақжар ауылдық округі													
11	Құйған ауылдық округі													
12	Жетіарал ауылдық округі													
13	Маңырақ ауылдық округі													
14	Тұғыл ауылдық округі													
15	Қабанбай ауылдық округі													
16	Жаңаауыл ауылдық округі													
17	Қарасу ауылдық округі													

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ